

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Фразеологизмдер

Шымкент 2020ж



ЖОСПАРЫ:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім:

а)Фразеология,оның зерттеу нысаны,мақсаты

ә)Фразеологияның басты белгілері

б)Еркін және тұрақты сөз тіркестері

в)Фразеологизмдердің сөйлеммен арақатынасы

III.Қорытынды бөлім

IV.Пайдаланылған әдебиет



КІРІСПЕ

“Фразеология” дегеніміз, біріншіден, “тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы”, екіншіден, “фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы”. Ал фразеологизм дегеніміз-кұрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарынан мүлдем немесе жарым-жартылай айырылып, өзара жымдаса келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауыспалылық пен бейнелілік тән.



ФРАЗЕОЛОГИЯ, ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ, МАҚСАТЫ

Фразеологияның басты зерттеу нысаны- фразеологиялық оралымдар, тұрақты сөз тіркестері. Фразеологизмдердің түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданымдық сипатын, лексикаға қатысын зерттейді. Сондықтан тәжірибе жүзінде фразеологизмдер тар және кең мағынада қарастырылады. Бұлайша қарастырудың мәні фразеологизмнің лексикалық бірлік ретінде танылатын атауыштық сөзбен мағыналық мағыналық байланысына, сол арқылы лексикологиямен жақындасатынына негізделген.

Тар мағынасындағы фразеологизмдерге құрамы тұрақты, мағынасы біртұтас, даяр қалпында қолданылатын лексикалық бірліктермен мағыналас, сырттай еркін сөздерге ұқсас тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер жатады. Мысалы, ұзақ түнді көзбен атқызды-ұйықтамады; дүние салды-өлді; бетінен от шықтыұялды; ұзын арқау, кең тұсау-еркіндік;

Кең мағынасындағы фразеологизмдерге жататын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің, жаңылтпаштар мен жұмбақтардың өздеріне тән лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар.



Бүгінгі қазақ фразеологиясында зерттеудің үш түрлі бағыты орын алып отырғаны байқалады:

Біріншісі — қазақ фразеологизмдерін таза тілдік тұрғыдан бір тіл аясында зерттеу. Бұл бағытқа қазақ тіл білімінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазақ фразеологиясындағы екінші бағыт — қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін орыс, ағылшын, неміс сияқты болмыс бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдерімен салғастыра зерттеу ісі.

Қазақ фразеологиясындағы үшінші бағыт-фразеологиялық бірліктерді когнитивтік, этнолингвистикалық, этномәдениеттанымдық, психолінгвистикалық аспектіде қарастыру бағыты



ФРАЗЕОЛОГИНЫҢ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ

1. Құрылым
тұрақтылығы

2. Мағына
тұтастығы

3. Даяр
қалпында
қолданылу
тиянақтылығы

4. Бейнелілігі,
мәнерлілігі



ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРКІН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

1. Еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде кем дегенде екі сөздің тіркесуінен грамматикалық жолмен еркін тіркесуінен жасалады.

2. Фразеологизмдердің мағына тұтастығында. Мысалы, ит арқасы қиянда(өте алыста) , қойдан қоңыр(жуас)

3. Фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылуы. Фразеологизмдер сөйлеу кезінде қарым-қатынаста жасалынбайды, даяр қалпында жасалады.

4. Фразеологизмдердің көпшілігінде мәнерлік, айқындаылық, бейнелілік қасиет тән.

5. Еркін тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнеді.



ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СӨЙЛЕММЕН АРАҚАТЫНАСЫ

Фразеологизм мен сөйлемнің құрылымдық жағында формалды жақындық, ұқсастық бар. Фразеологизмдерде жай, құрмалас сөйлемдер сияқты құрылымдар кездеседі. Мысалы, сойылын соқты, жүрегі тас төбесіне шықты, салы суға кетті сияқты тіркестер құрылымы жағынан жай сөйлемдер сияқты. Фразеологизм мен сөйлемнің айырмашылығы лексика-семантикалық жағы мен синтаксистік қызметіне байланысты. Сөйлемнің негізгі коммуникативтік. Ал фразеологизм ұғымды бейнелеп, мәнерлеп немесе тұспалдап жеткізетін лексикалық-семантикалық бірлік.



ЕРКІН ТІРКЕС

Еркін тіркес - кемінде толық мағыналы екі сөздің байланысынан тұратын сөздердің тіркесі. Еркін сөз тіркесінің етістікті сөз тіркесі және есімді сөз тіркесі деп бөлінетін түрлерінің екеуі де Абай шығармаларында жиі кездесіп отырады (жастықтың оты, жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан т. б.).

Сөз тіркестері құрамына қарай: жай сөз тіркесі және күрделі сөз тіркесі болып екі түрге бөлінеді.



Құрамы екі сөзден тұратын сөз тіркесін *жай сөз тіркесі* деп атайды. **Мысалы:** ақылды жігіт, кең дала, мазмұнды әңгіме т. б.

• *жай сөз тіркесі*

Құрамы үш не одан көп сөзден тұратын сөз тіркесін *күрделі сөз тіркесі* деп атайды. **Мысалы:** он шақты кітап, тақтаға жақындай түсу. Алматы қаласында тұру, ойда жоқта кез болу т. б

• *күрделі сөз тіркесі*



ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСІ

Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; іші күйу – өкіну, т. б.) тұрақты сөз тіркесі бірнеше топқа жіктеледі: идиомалық тіркестер немесе идиома (қабырғаңмен кеңес, ешкімнің ала жібін аттама); мақал-мәтел (Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар; Өнерлінің өзегі талмас).



ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден басқа тіл бірліктерінің тұрақтары сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

Ғ. Қалиев
Ә. Болғанбаев

ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ
МЕН
ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ



Назарларыңызға
рахмет!

